

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы  
«Айгөлек» шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 31.01– 02.02.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<b>Картотека №11</b> <i>Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.</i>	<b>Картотека № 12</b> <i>Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруді біледі.</i>	<b>Картотека № 16</b> <i>Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.</i>	<b>Картотека №15</b> <i>Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» Танып ал да, атын ата Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.</i>	<b>Картотека № 18</b> <i>Дидактикалық ойын: «Затты сипаттау» «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар суреттер арқылы құстар туралы, құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.</i>
<b>коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан</b>					
Таңертенгі жаттығу	<i>Ақпан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғыас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық	<i>Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!</i>	<i>Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнағ бір жүрер Достарым көп, білемін!</i>	<i>Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.</i>	<i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.</i>	<i>Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</i>

<p>Білімберууіымыныңкестесібойыншауыымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>Ғажайып сәт.</b> Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. – Сәлеметсіздер ме?! Сендер ертегіні ұнатасыңдар ма? Біз сендерге «Екі лақ» ертегісін сыйлыққа әкелдік. – Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз сахналап көреміз. <b>Ой дамыту.</b> <b>АҚТ технолог жұмыс.</b> Ертегі желісін көрсете отырып, түсінік беру. <b>Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап».</b> – Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ). – Ертегі не туралы? – Ертегіде неше лақ? – Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (<b>Түлкіге, қасқырға</b>) – Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (<b>Қырдың астында қасқыр күтіп отыр деп</b>) – Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? (<b>Арыстан күтіп отыр деп</b>) – Қойши ата Ақ лаққа не деді? <b>Тіл ұстарту жаттығуы.</b> Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ, Ақ лақ. Қ-қ-қ- қ – лақ-лақ-лақ- Қара лақ. <b>Сергіту сәті</b> Тіктеп титтей құлағын, Ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұяғын, Бұзау былай жүреді.</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалар, бүгін біз ертегі орманына серуендейміз. Бір-біріміздің қолдарымызды ұстап жүреміз. Көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерді айтайық: «Бір екі үш төрт бес Біз орманға серуендеуге барамыз!» Көзімізді ашамыз. Біз сиқырлы орманға келдік. (алдын ала жасалған орман макеті) Балалар қараңдаршы, орман қандай тамаша, оған амандасайық. «Сәлем орман, тамаша орман Ертегілер мен ғажайыптарға толы орман! Балалар, мына ғажайып орман бізді қарсы алды, жел соқты, ал біздің орындықтар діңгекке айналды. Жел бізге хат әкелді. Мен оны сендерге оқып беремін: Сіздердің ертегілерді жақсы көретіндеріңді және бүгін менің ертегі орманымға келгендеріңе қуаныштымын. <b>Бұл орман ертегі атайынан.</b> Ал қайсысы ертегі сендерге ұнайды. <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b></p>	<p><b>Көркем сөз.</b> Ертіп сары балапандарын, Айдарлы әсем шықты тауық. Кетпеңдер ұзап, балапандарым Қыт-қыт,- дейді ауық-ауық. <b>Ой қозғау.</b> <b>Балалар өлең не туралы айтылған?</b> Сендер тауық пен балапандар туралы ертегі тыңдағыларың келе ме? - Міне, мынау тауық. Оның түсі ақ. Ол үй құсына жатады, өйткені оның еті, қауырсыны, жұмыртқасы адамға пайдалы. Ал, мынау оның балапандары. Олардың түсі сары, олар жұмыртқалардан шығады. <b>Дид ойын: «Ненің даусы?»</b> - Енді олардың даусын ұнтаспадан тыңдайық. <b>Қызығушылықты ояту.</b> <b>АҚТ технол жұмыс.</b> Ертегі желісін көгілдір экран арқылы көрсетіп түсіндіру. <b>Ертегі желісін түсіндіру мақсатында сұрақ жауап.</b> А3 форматта ертегі желісін бейнелеп көрсету. Балаларды топқа бөлу. Тауық қайда шықты? (балапандарымен серуенге) <b>1-топ:</b> Карандашпен шалғындағы шөптерді бояу. <b>2-топ:</b> Тауық пен балапандарды шалғынға жапсыру. Оларды не көрді?(мысық) Мысық не ойлады?</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> - Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? - Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттаймыз. көзімізді жұмып 1,2,3 деп санаймыз. Сиқырлы әуен ойналады. - Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы. - Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін. - Тук-тук, кім бар екен? - Мен бармын. - Сіз кімсіз? - Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекіші әжеймін. - Ооо, жақсы болды ғой. Біз "Үй құстарына" байланысты ертегі тыңдағымыз келеді. - Олай болса мен сендерге "Екі әтеш" ертегісін айтып берейін. <b>АҚТ технологиясымен жұмыс.</b> ("Екі әтеш" ертегісін айтып береді) - Балалар ертекіші әжейдің ертегісі сендерге ұнады ма? - Сіздің ертегіңіз бізге қатты ұнады. Біздің балалар өнерлі екенін көрсеткісі келеді. Олар</p>	<p><b>Ертегілер әлемі</b> <b>Ғажайып сәт.</b> <b>Аудио: «Ертегілер» әні қайырмасын қосу.</b> Балалар өлеңде не туралы айтып жатыр? Сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма? <b>Ендеше</b> <b>«Ғажайып гүл» ертегісін тамашалық.</b> <b>АҚТ технологиясымен</b> Баяғы өткен заманда бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әртүрлі қимыл жасап билейді. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы</p>
---	--	--	---	---	--

<p>Алға созып мойынын, Ойнақтайды ботақан. Таудан тасқа шұнағым, Секеңдейді лағым. Балалар ертегіні сахналайды. Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдерін бөлу. Балалар бет перделер киеді. <b>Автордың сөзін педагог айтады.</b> <b>Педагог:</b> Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді. Мына жасағы - қалың шілік, ана жасағы - қалың бау. Маңайда ешбір қой-ешкі көрінбейді. <b>Қара лақ:</b> сен Ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың. Педагог: Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді. <b>Түлкі:</b> – Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіңдер. <b>Ақ лақ:</b> – Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр. <b>Педагог:</b> Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашып кетеді. <b>Қасқыр:</b> – Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям! <b>Ақ лақ:</b> – Қасеке, әнеки, ана төбенің</p>	<p><b>Жұмбақ жасыру.</b> Қыс бойына жатады Тәтті ұйқыға батады. (аю) -Дұрыс айтасыңдар, аю. <b>Сұрақ-жауап</b> -Аю қандай жануарға жатады? Ол қалай жүреді. -Аю қандай ертегілерде кездеседі? -Бауырсақ, үйшік, маша мен аю, үш аю ертегісінде. <b>Ой дамыту</b> <b>АҚТ технол жұмыс.</b> <b>Ой дамыту</b> Ертегі желісін АҚТ тех арқылы түсіндіру.</p>  <p>Ертегі желісінен сұрақ-жауап арқылы балалардың қабылдау қабілетін тексеру. Маша орманда неге адасып қалды? -Маша аюлардың үйіне қалай барды? -Олар қайда өмір сүреді? -Неліктен үш аю деген? -Аюлар қандай? <b>1-тапсырма:</b> Үш аюды құрастыру.</p>  <p>Маша қайда отырды?</p>	<p>(тауықты ұстап жесем деді) Мысық не істеді? (тауықты құды) <b>3-топ:</b> Мысық пен Әтеш құрастырып жапсыру. Тауық қайда қашты? (Өзенге қарай) Балапан неге қарап қызықты, не ойлады?(Әтешке) <b>3-топ:</b> Әтешке діңгек мүсіндеу. Мысық тауықты ұстады ма? (жоқ)..... <b>Ертегі ұнады ма?</b> <b>Қим ойын: «Әтештер»</b> Педагог балаларға әтештің дауысын салуды сұрайды - «Ку-ка-ре-ку»деп не ән салады? Қайталау. - Тауық балапандарын қалай шақырады? Қыт-қыт-қыт. - Балапандар қалай дыбыстайды? Шиқылдайды Міне, біз тауықпен және балапандарымен қалай жақсы ойнадық.</p> <p><b>Қортынды</b> <b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім:</b> <b>Жалпы даму жаттығулары</b> №1 аялдама: «Спорттық». ЖДЖ. <b>Негізгі бөлім:</b> <b>Б.қ.: «Сағаттар»</b> 1. Аяқтары алыс, таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып</p>	<p>сізге екі әтештің суретін салып берсін. Дайын әтеш суретін бояу. <b>1-ші әтеш қызыл.</b> <b>2-ші әтеш сары.</b> <b>Рақмет балалар керемет.</b> Енді біз өз елімізге оралайық. Рақмет сізге, ертекіі әжсей. <b>Сауболыңыз!</b> - <b>Сауболыңдар балалар!</b> - Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып 1,2,3 деп айтуымыз керек. (Сиқырлы әуен ойналады) - Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік. <b>Ой қозғау.</b> - Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік? - Ол жақта кім бар екен? - Иә. Ертекіі әжсей бізге қандай ертегі айтып берді? - Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен? - <b>Жарайсыңдар!</b> <b>Сергіту сәті:</b> Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын, Әтешке ұқсап сілкініп, Айқайлап әнге саламын. КУ-КА-РЕ-КУ <b>Ғажайып сәт.</b> Балалар біз саяхатқа кеткенде біреу стол үстіне конверт қойып кеткен. Конвертті ашу. Сурет шығару.</p>	<p>да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Гүл: «Енді менің достарым көбейді, алақай!» - деп қуанады. Содан бері әр-түрлі гүлдер жерге шыға бастапты. <b>Ой қозғау.</b> Сұрақтар ілмегі Ертегі ұнады ма? Гүлдің достары қалай көбейді? Оған нелер көмектесті? Бұлт, күн қай да мекендейді? Гүл қайда өмір сүреді? Жоғары-төмен ұғымы. Гүлдердің түстері қандай болады? Күннің түсі қандай? Күннің пішіні қандай? Бұлттың түсі қандай? <b>Ендеше бізде гүлге достар жасап береміз бе?</b> <b>Шығармашылық бұрыш</b> <b>1-топ:</b> <b>Гүлдерді құрастыру</b> Қатар-қатар тұрамын, <b>құрастыруға барамын,</b> <b>2-топ:</b> Гүлдерді</p>
--	---	--	---	---

<p>басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр. <b>Қара лақ:</b> – Бәәә, Арыстанды қара. Педагог: Қасқыр қатты сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады.</p> <p><b>Қасқыр:</b> – Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында кетіңдер, түге!</p> <p><b>Педагог:</b> – Қасқыр қаша жөнеледі. Ақ лақ, Қара лақ: – Алақай!!!</p> <p><b>Педагог:</b> осылайша қорықпаған екі лақ, қырды асып өз үйірлерін табады.</p> <p><b>Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлері»</b></p> <p><b>Шығармашылық бұрыш.</b> Балаларды ертегі кейіпкерлері бойынша топқа бөлу. Ақ лақ, қара лақ, түлкі, қасқыр.</p> <p><b>1-топ:</b> Төбешік, қалың бау суреттерін құрастыру.</p> <p><b>2- топ:</b> Ақ лақпен қара лақты төбешікке жапсыру.</p> <p><b>2-топ:</b> Оң жаққа түлкіні, сол жаққа қасқырды бояу.</p> <p><b>Рефлексия.</b> Сендерге ертегі ұнады ма? Қуыршақтар балалармен қоштасады. Балаларды мадақтайды.</p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім:</b> <b>Жалпы даму жаттығулары</b></p>	<p><b>2-тапсырма:</b> Орындықтарды ретімен жапсыру.</p>  <p>Маша қандай ыдыстарды көрді? -Ол үлкен ыдыстардан неліктен тамақ іше алмады?</p> <p><b>3-тапсырма:</b> Ыдыстарды жасыл түске бояу.</p>  <p>Аюларда тағы қандай ыдыс болды?</p> <p><b>4- тапсырма:</b> Қасықтарды мүсіндеу.</p>  <p><b>Театр бұрышы.</b> <b>Ертегіні бет перде киіп сахналау.</b> Қортынды <b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> Ақ әжем Ортаға «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айналасына дөңгелене отырады.Бесіккесалудәстүрінкөрсетудіұсынады.Әже бесіктіңпайдасытуралыәңгі</p>	<p>басты оңға, солға қозғалту. /5 рет/ <b>Б. қ.:</b> «Су тасушы»</p> <p>2. Аяқтары алишақ қойылған, таяқша иықта, иықты кезек көтеру. /5 рет қайталау/ <b>Б.қ.:</b> «Құламалар»</p> <p>3. Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны жоғары созу, оңнан солға, солдан - оңға қарай иілу. /6/ <b>Б.қ.:</b> «Күш жинау»</p> <p>4. Аяқтар алишақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. /6 рет/ <b>Б.қ.:</b> «Мотоцикл жүргізу»</p> <p>5.Аяқтарын алишақ қою, таяқша кеуде тұсында; мотоциклды жүргізу (ыр-ыр-ыр) деп айту. Бір орында жүру. (15-20 секунд).</p> <p>Бір саппен шеңбер бойы жүру /таяқшаларды үстел үстіне қою/ . Маршпен жүру.</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.</p> <p><b>Пойызбен әрі қарай жылжуды ұсынады.</b> №2 аялдама: «Қоянның үйі» Кегельдердің арасымен жолда «ирелеңдеп» жүру, қолдарын екі жаққа созып жүру. Дене бітімін тік ұстап, табанымен арқанды басып</p>	<p>Мына суретке қараңдаршы, бұлар бағана "Екі әтеш" ертегісіндегі әтештер ғой. Екеуі жұлысып үстіндегі мамықтары түсіп қалыпты. Соны екі топқа бөлініп мамықтарын жабыстырайық.</p> <p><b>Дид ойын: «Әтешті әсемдейміз»</b> Балаларды топқа бөлу. - Жарайсыңдар, өте тамаша, біреуі қызыл, біреуі сары әтеш болды. Үстіндегі мамықтарын сипап көріңдерші. Енді екі әтеш тату болатын болды.</p> <p><b>Қәне балалар бәріміз орнымыздан тұрып, "Әдемі әтеш" деген тақпағмызды айтып берейікші:</b> <b>Әдемі әтеш,</b> Таң атпай тұрыпты, Ойқастап жүріпті, Жан-жаққа қарапты, Айдарын тарапты.</p> <p><b>Сұрақ -жауап</b> - Ертегі қалай аталады? «Екі әтеш» - Әтеш қандай құсқа жатады? - Үй құстарына жатады - Екі әтеш нені қызғанды? - Жемді - Не үшін төбелесті? - Тамақтарын қызғанып</p>	<p>жапсыру Адымдап жүрем нық басып, <b>Жапсырайық гүлдерді топтасып</b> <b>3-топ:</b> Трафарет арқылы гүлдің суретін салу Секіріп келем қуана, <b>сурет салам қаниама</b> <b>4-топ:</b> Үлгі бойынша дайын гүл күлтесіне ермексаз жағу. Оңға-солға қарайын <b>Ермексазды алайын</b> Мүсін жасап гүлдердің Себетіме салайын. <b>Балаларды мадақтау.</b></p>
--	--	--	---	--

<p>№1 аялдама: «Спорттық». ЖДЖ.  <b>Негізгі бөлім:</b>  <b>Б.қ.: «Сағаттар»</b>  1. Аяқтары алишақ, таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. /5 рет/  <b>Б. қ.: «Су тасушы»</b>  2. Аяқтары алишақ қойылған, таяқша иықта, иықты кезек көтеру. /5 рет қайталау/  <b>Б.қ.: «Құламалар»</b>  3. Аяқтары алишақ қойылған, таяқшаны жоғары созу, оңнан – солға, солдан - оңға қарай иілу. /6/  <b>Б.қ.: «Күш жинау»</b>  4. Аяқтар алишақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. /6 рет/  <b>Б.қ.: «Мотоцикл жүргізу»</b>  5. Аяқтарын алишақ қою, таяқша кеуде тұсында; мотоциклды жүргізу (ыр-ыр-ыр) деп айту. Бір орында жүру. (15-20 секунд). Бір саппен шеңбер бойы жүру /таяқшаларды үстел үстіне қою/. Маришпен жүру.  <b>Тыныс алу жаттығулары:</b>  «Көкек» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.  <b>Пойызбен әрі қарай</b></p>	<p>мелейді. Қуырышақты бесікке жатқызады, бесікке бөлеуді көрсетеді.  <b>Әже:</b> Әлди-әлди, бөпешім, Ақ бесікке бөледім, Ай мен күнге теңедім, Әлди-әлди, жанарым Мақтанышы ананың. Әлпештеген қарағым,  Таза болсын жанарың. (А. Асылбек)  <b>Музыкатың дау:</b> «Әй-әй бөпем» (халық әні, Қ. Шілдебаев)  Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді.  Балалардан тыныштық сақтауынескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу.  <b>Ән айту:</b> «Ақжәсем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров)  Педагог әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінін қайталап, әуенмен қосып үйретеді. Әжелерді сыйлап, құрметтеу қажеттігін түсіндіру.  <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Би ырғағын» (А. Тоқсанбаев)  Ұлдар аяқтарын музыка ырғағына сай көтере басып, жұптарын биге шақырады. Аяқтарын топыл</p>	<p>жүруге назар аудару.  Мынау соқпақ жол  Қоянның үйіне апарад,  Сол соқпақпен жүріп,  Қоянның үйін тап.  Қоян достарын күтіп алып,  ойын ойнауға шақырады.  <b>Бір орында тұрып, екі аяқпен жоғары секіру. (жаппай 6 - 8 рет).</b>  Сәл отырып, жерден екінді түрде итерілу және аяқтың жазылуы есебінен бір орында секіру керек екеніне назар аударады.  <b>№3 аялдама: Қозғалысты ойын: «Маған қарай жүгір».</b>  Ойын ережесін түсіндіреді.  Залдың қарсы жағына шығып, балалардың атын атап шақырады.</p>	<p>Қызғануға, төбелесуге бола ма?  Біз ертегіден не үйрендік?  Тату болуды, қызғанбауды,  мейрімді болуды.  Біз демалып алып, ертегіні өзіміз сахналайтын боламыз.  <b>(күннің екінші жартысында ертегіні сахналау.)</b>  <b>Қортынды</b>  <b>Балаларды мадақтау.</b></p>
--	--	---	---

	<p><b>жылжуды ұсынады.</b>  №2 аялдама: «Қоянның үйі»  Кегельдердің арасымен жолда «ирелеңдеп» жүру, қолдарын екі жаққа созып жүру.  Дене бітімін тік ұстап, табанымен арқанды басып жүруге назар аудару.  Мынау соқпақ жол  Қоянның үйіне апарад,  Сол соқпақпен жүріп,  Қоянның үйін тап.  Қоян достарын күтіп алып, ойын ойнауға шақырады.  <b>Бір орында тұрып, екі аяқпен жоғары секіру. (жаппай 6 - 8 рет).</b>  Сәл отырып, жерден екпінді түрде итерілу және аяқтың жазылуы есебінен бір орында секіру керек екеніне назар аударады.  №3 аялдама: <b>Қозғалысты ойын: «Маған қарай жүгір».</b>  Ойын ережесін түсіндіреді.  Залдың қарсы жағына шығып, балалардың атын атап шақырады.</p>	<p>датады, жұптасып айналады.  «Тайтұяқпенасатаяқ» ойыны  (А.Райымқұлова, А.Асылбек)  Тайтұяқ пен асатаяқтың дыбысталуын ажыратуға үйрету. Балалар шеңбер бойымен тұрып, бастаушытағайында алады.  Бүгінқандайәнтыңдадыңдар?  Әнніңсипатықандайекен?  Балалардың орындаған әнби әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</p>			
Серуенгедайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<b>Картотека № 12</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау.	<b>Картотека № 11</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека № 9</b> Қырауды бақылау.	<b>Картотека № 8</b> Мұзды бақылау.	<b>Картотека № 16</b> Аязды бақылау
<b>Серуен картотекасынан</b>					
Серуенненоралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				

Түскіас	<i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i>				
Күндізгіұйқы	<b>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</b>				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	<b>Жаттығу кешені №6</b> <i>Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.</i>	<b>Жаттығу кешені №7</b> <i>Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.</i>	<b>Жаттығу кешені №8</b> <i>Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағмызға қарайық Төсектен біз тарайық</i>	<b>Жаттығу кешені №9</b> <i>Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық</i>	<b>Жаттығу кешені №10</b> <i>Көзімізді ашайық, Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық</i>
	<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>				
Бесінас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітапта рқарау және тағы басқаәрекеттер)	<b>Қимылды ойын «Өз үйіңді тап»</b> <b>Шарты:</b> Кілемнің үстінде геометриялық фигуралар жатады. Олар үйшіктер, балалардың қолдарында геометриялық карточкалар болады. Музыка ойнап тұрады, балалар кілем үстімен айналып жүреді. Музыка тоқтағанда әр кім өз үйшігіне барады. Білмеген бала ойынан шығады.	<b>Дид ойын: «Көлеңкесін тап»</b> <b>Ойын шарты:</b> Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.	<b>Дид ойын: «Көлеңкесін тап»</b> <b>Ойын шарты:</b> Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.	<b>Дид ойын: «Артығын тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді. Суреттерді атай отырып, не артық екенін айтады.	<b>Дид ойын: «Сиқырлы түстер»</b> <b>Ойын шарты:</b> балаларға түрлі-түсті квадрат-тармен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді.  <b>Денешынықтыру Негізгі бөлім</b> <b>Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары.</b> <b>«Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар».</b> 1. Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төмен түсіреміз. Орындауы: ойыншықты

					<p>оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау)</p> <p><b>2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның көзіне қараймыз.</b> Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау)</p> <p><b>3.Қуыршақпен жасырынбақ ойнайық.</b> Етпетінен жатып қуыршаққа қарау, бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, иықпен тіреп басын сәл көтеру, иіліп «жасырыну». (3- 4 рет қайталау).</p> <p><b>4.Қуыршақпен билейік.</b> Қуыршақты қолға алып, әркім өз әлінше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау)</p> <p><b>Қимылдың негізгі түрлері:</b> Қолға қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен түзу жүру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан»</b> Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында). Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін</p>
--	--	--	--	--	--



					<p>«Күлше нан» ойынын ойнаймыз.  Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстаймыз.  <b>Туған күнді тойлауға Пісірдік біз күлше нан. Иісі қандай дәмді, Өзі қандай сәнді.</b>  <b>Қызарып піскен күлше нан, Қазаннан түскен күлше нан.</b>  <b>Күлше нан, бұрыл солға, Күлше нан, бұрыл оңға,</b>  <b>Жан-жағыңа қара да, Қуыршақты таңда.</b>  (Өз қуыршақтарын алып, әркім өз әлінше би қимылдарын жасайды. 2 рет қайталайды).  Қуыршақтар шаршады, енді оларды мәшинемен үйлеріне апарып салайық.  «Мәшине» әнінің ырғағымен бәріміз үйге қайтайық.  Мәшине, мәшине келе жатыр, Ішінде, ішінде шопыр отыр.  Би-би-би! Би-би-би!</p>
Балалармен Жеке жұмыс	<p><b>Дид ойын: «Сиқырлы қапшық»</b>  <b>Ойынның мақсаты:</b> заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды біледі.</p>	<p><b>Дид ойын: Мынау қай пішін?</b>  <b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта біледі.</p>	<p><b>Дид ойын: «Үлкен-кіші»</b>  <b>Мақсаты:</b>заттардыкөлеміне қарай айыра біледі.</p>	<p><b>Дид ойын: «Не жоқ?»</b>  <b>Ойынның мақсаты:</b> балалар логикалық ойлау арқылы заттарды сипаттай алады.</p>	<p><b>Дид ойын: «Қай жануар артық»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалар сурет арқылы артық жануарларды ажыратып, сипаттай алады.</p>

Серуенгедайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	<b>Картотека № 12</b> <i>Қыстап қалатын құстарды бақылау.</i>	<b>Картотека № 11</b> <i>Күнді бақылау.</i>	<b>Картотека № 9</b> <i>Қырауды бақылау.</i>	<b>Картотека № 8</b> <i>Мұзды бақылау.</i>	<b>Картотека № 16</b> <i>Аязды бақылау</i>
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың Үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. <b>Ата-аналарға кеңес:</b> «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</i>	<b>Кеңес:</b> мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу	<b>Кеңес:</b> «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</i>

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы  
«Айгөлек» шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 05.02– 09.02.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i><b>Дид ойын:</b> «Зат неге ұқсайды?» <b>Мақсаты:</b> Геометриялық денелер мен фигуралар арқылы, айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата біледі.</i>	<i><b>Дид ойын:</b> <b>Түрлі түсті жолақшалар.</b> <b>Мақсаты:</b> Сурет арқылы балалар ұзын – қысқа, түрлі – түсті жолақшаларды ажырата алады.</i>	<i><b>Дид ойын:</b> «Кілтті тап» <b>Мақсаты:</b> Балалар түстерді геометриялық пішіндерді ажырата біледі, топтастыра алады.</i>	<i><b>Дид ойын:</b> «Қажет суретті тап» <b>Ойынның мақсаты:</b> Үлкен және кіші ұғымдарын түсіне отырып, үлкен-кіші заттарды топтастыру-ға үйренеді.</i>	<i><b>Дид ойын:</b> «Көзекті жасыр» <b>Мақсаты:</b> Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйренеді.</i>
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан</b>					
Таңертенгі жаттығу	<i>Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген <b>Мақсаты:</b> Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.</i>	<i>Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста Деміңді ішке тез алда, Сол қолыңды соз алға. Оң қол да бос тұрмасын, Шеңбер жасап зырласын</i>	<i>Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн</i>	<i>Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз. Бір, екі, үш, Қарлығаш боп ұшамыз. Бір, екі, үш, Жинап алдық күш.</i>	<i>Жел улейді у-у Құйын келіп билейді зу-зу Қатты, қатты жел соқты гу-гу Жапырақтар қол соқты ду-ду</i>
Білімберу ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<i><b>Қызығушылықты ояту.</b> <b>Тыныштық сәті:</b> <b>Дид ойын:</b> «Ненің дыбысы?» <b>Шарты:</b> Табиғат</i>	<i><b>Миға шабуыл.</b> <b>Дид ойын:</b> «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»</i>	<i><b>Тосын сәт</b> Балалар Орманшы атай бізге көмек сұрап хат жолдады.</i>	<i><b>Ой қозғау.</b> Балалар бізге күн, су, ауа керек па? - Ия, күн, су, ауа бізге керек.</i>	<i><b>Жұмбақ жасыру:</b> Жер бетінде жатады Онымен ойнайсың Әр түрлі мүсін</i>

<p>құбылыстарының дыбыстарын тыңдау.</p> <p><b>Сұрақ-жауап</b> Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? (Табиғаттың) Табиғат дегеніміз-бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер, су, орман мен жануарлар. Табиғатқа саяхат жасауға барамыз ба? <b>(Топ бөлмесінің ішіне саяхат)</b> <b>Ой дамыту.</b> тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысын түсіндіру. <b>1-аялдама. Су</b> Сылдырап ағып жатқан не ? -Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? Біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп . Бірақ су өлі табиғатқа жатады? Біз осы аялдамаға судың суретін салып кетейік. Дәстүрден тыс сурет салудың бастыру әдісі арқылы трафаретке губканы бояуға батыру арқылы су суретін салу. <b>Сергіту сәті.</b> <b>2-аялдама.</b> <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>Жұмбақ жасыру</b> Бар ма, жоқпа, оны анық білмейсің Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің? Ол не ?<b>АУА</b> - Ауа не үшін керек? - Ауаның түсі қандай?</p>	<p>- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз? <b>5. Ширату.</b>«Құм, тас, су». «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Сендер осы табиғатты зерттейтін ғалым болғыларың келе ме? <b>Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»</b> <b>ТӘЖІРИБЕ №1</b> <b>«Құм»</b> <b>Мақсаты:</b> Құм түйіршіктерінің пішінін қарастыру <b>Қолданылатын материалдар:</b> Таза құм, науа, үлкейткіш әйнек. <b>Процесі:</b> Таза құмды алып, науаға толтыру. Үлкейткіш әйнек арқылы балалармен бірге құм түйіршіктерінің пішінін қарастыру. Ол әр түрлі болуы мүмкін; балаларға шөлде оның ромб тәрізді</p>	<p><b>Хатты оқу.</b> Балалар мен суреттерді байқаусызда қиып алдым да, енді жанды және жансыз табиғаты бар суреттердің қайда екенін, адам жасаған дүниенің қайда екенін түсіне алмай қаладым. Маған көмек керек.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> Орманыңға көмектесеміз бе?</p> <p><b>Топпен жұмыс.</b> <b>Дид ойын: «Мозаиканы құра»</b> Шарты: Табиғат – тірі, жансыз немесе адам жасаған дүние мозайкасын жинау -Жарайсың. тапсырманы орындадық. Енді экранға назар аударамыз, не артықшылықты байқадық? <b>Дид ойын: «Не артық?»</b> <b>Саңырауқұлақ, сәбіз, бұлт, доп.</b> Артық деген не? Неліктен доп артық? (барлық заттар табиғатқа жатады, ал допты адам жасайды) т.б.. -Ал енді табиғат суретін өзіміз құрастырып, жапсырамыз. <b>Үстелде жұмыс.</b> <b>Дид ойын: «Табиғат әлемі»</b> Шарты: Әрбір кестеде суретті жасауға қажеттінің бәрі бар:</p>	<p>- Осының барлығын бір сөзбен айтқанда не дейміз? <b>- Табиғат</b> - Табиғат екіге бөлінеді: Өлі табиғат және тірі табиғат болып. - Қане бәріміз қайталайық. <b>- Өлі табиғат және тірі табиғат.</b> - Өлі табиғатқа: су, ауа, жер күн, бұлт, құм, жаңбыр жатады. - Ал тірі табиғатқа: адамдар, құстар, өсімдіктер, гүлдер, жан - жануарлар, балықтар жатады. <b>Дид ойын: «Кім тапқыр?»</b> <b>Жұмбақ</b> Аспан түстес сұйық, Әркім ішер құйып. (су) (Осы сәтте аудио арқылы жаңбырдың тамшысының тырсылы естіледі). - Балалар, тыңдаңдаршы, бір нәрсе тырсылдайтын сияқты. (Балалар таңырқай қарап, тыңдайды.) <b>Ғажайып сәт</b> - Бізге қонаққа Тамишы келіпті. - Қане, балалар, қонақпен сәлемдесейік. Тамишы: Сәлем, достар! Балалар, мен сендермен достасқым келеді. - Тамишы, кел төрлет, біз бүгін су әлеміне зерттеу жасаймыз.</p>	<p>жасайсың. <b>Құм Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.</b> <b>Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.</b> Ал ғалымдар деген кім? Дұрыс, бүгін сендермен құмның қасиетін зерттеуге барамыз. Қазақстан еліміз шөлді далалар бар екен. Ол жерде шөлге төзімді жануарлар ғана мекендейді. мысалы: түйе. кесіртке, құрт т.б Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр. Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік. Ал құмды не үшін пайдалануға болады? Құрылыста, ыдыс жасағанда, шыны, айна. Балалар сендер ғалымдар боласыздар. <b>Тәжірибе №1</b> <b>1-нұсқа.</b> Бидыстағы құмды тутікше арқылы үрлейміз. желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады. <b>2-нұсқа.</b> Қасықтың</p>
---	---	---	--	---




<p>- Қолмен ұстауға болама, оны көреміз бе Табиғат аясындағы ағаштар, әсем гүлдер, тіпті бөлмеміздегі гүлдер де ауадағы шаңды жұтып, бізге таза ауа жіберіп отырады.</p> <p><b>Шығармашылық бұрыш:</b> <b>Балаларды топқа бөлу.</b> <b>1-топ:</b> Қысқы және жазғы ағаштар құрастыру. Айырмашылығын айту. <b>2-топ:</b> Горшокке бөлме гүлдерін, дала алқабына дала гүлдерін жапсыру.</p> <p><b>Педагог жетекшілігімен.</b> <b>1-тәжірбие:</b> Әр баланың қолына айна беріледі. Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткізеді <b>2-тәжірбие:</b> Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік. - ауасыз тыныс алуға бола ма? Міне ауа да өлі табиғат</p> <p><b>Саяхаттан қайту.</b> <b>Сұрақтар ілмегі</b> -Біз қайда бардық? -Нелерді көрдік? -Тірі табиғат пен өлі табиғатты атайық</p> <p><b>Қортынды</b> От та, суда, ауа да Жан-жануар барлығы Орман теңіз тауларда Табиғаттың байлығы. <b>Балаларды мадақтау</b></p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>екенін айту. Әр бала құмды алып, оның қаншалықты сусымалы екенін сезіну.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Құм сусымалы және оның құм түйіршіктері әртүрлі пішінде болады.</p> <p><b>ТӘЖІРИБЕ №2</b> <b>«Шашыраңқы құм»</b> <b>Мақсаты:</b> Шашыраңқы құмның қасиетін қарастыру.</p> <p><b>Қолданылатын материалдар:</b> Елек, қарындаш, кілт, құм, науа.</p> <p><b>Процесі:</b> Алаңды құрғақ құммен тегістеу. Құмды елек арқылы біркелкі себу. Қарындашты құмға асықпай батыру. Құмның бетіне ауыр затты (мысалы, кілт) қою. Құмдағы заттың ізінің тереңдігіне назар аудару. Науаны шайқау. Кілт және қарындашпен жанағы әрекетті қайталап жасау. Қарындаш кәдімгі құмға қарағанда, шашыраңқы құмда екі есе тереңірек түседі. Ауыр заттың ізі шашыраңқы құмға қарағанда, кәдімгі құмда айқынырақ көрінеді.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Шашыраңқы құм айтарлықтай тығызырақ. Бұл қасиет құрылысшыларға өте қолайлы және жақсы құм болып табылады.</p>	<p>ватман қағазы, қоңыр және көк жолақтар, күн, ағаш, гүлдер және адам. Мұның бәрін ватман қағазына әдемі етіп жапсыру керек осыдан</p> <p><b>«Табиғат» суреті шығады.</b> <b>Зертхана бұрышы.</b> <b>«Табиғат кереметі»</b> <b>ТӘЖІРИБЕ №1</b> <b>«Құм конусы»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Құмның қасиеттерін қарастыру.</p> <p><b>Қолданылатын материалдар:</b> Құрғақ құм.</p> <p><b>Процесі:</b> Бір уыс құрғақ құмды алып, оны бір жерге түсетіндей етіп себу. Бірте-бірте себілген сайын орнында конус пайда болады, ол биік және түбінде барған сайын үлкен аумақты алады. Егер құмды ұзақ уақыт сепсек, онда ол ағын сияқты төгіліп, қозғалады.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Құм қозғала алады.</p> <p><b>ТӘЖІРИБЕ №2</b> <b>«Қоймалар мен туннельдер»</b> <b>Мақсаты:</b> Неліктен құмға түскен жәндіктер езіліп кетпей, аман-есен шығатынын қарастыру</p> <p><b>Қолданылатын материалдар:</b> Қағазданнан жасалған диаметрі қарындаштан сәл үлкенірек түтік, қарындаш, құм.</p> <p><b>Процесі:</b> Түтікке қарындашты салу. Содан</p>	<p>- Өзіңнің кім екеніңді білгің келе ме? - Тамшы: Әрине білгім келеді. - Ендеше сен де мұқият тыңдап отыр. <b>АҚТ тех жұмыс.</b> - Көп тамшыдан су пайда болады. Су өмір бойы айналымда болады. Ол жаңбыр болып жерге түседі. Арық болып өзенді құрайды. Содан кейін қайтадан күн шуағымен бу болып аспанға көтеріліп, жер бетіне жаңбыр болып оралады. - Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз. Су - тіршілік көзі. Оны тамаққа пайдаланамыз, шөлімізді басамыз. Сонымен қатар егін суарамыз, өрт сөндіреміз. Жан - жануарлар, балықтар, құстар да сусыз өмір сүре алмайды.</p> <p><b>Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»</b> <b>ТӘЖІРИБЕ №1</b> <b>«Судың қасиеттері»</b> <b>Мақсаты:</b> Судың қасиеттерімен таныстыру (пішіні бар, иісі, дәмі, түсі жоқ).</p> <p><b>Қолданылатын</b></p>	<p>көмегімен төбешік жасау. Құм қандай? Сусылдақ, жылжымалы. <b>ТӘЖІРИБЕ №2</b> <b>«Дымқыл құм»</b> <b>Мақсаты:</b> Дымқыл құмның қасиеттерімен таныстыру.</p> <p><b>Қолданылатын материалдар:</b> Дымқыл құм, құмға арналған қалып.</p> <p><b>Процесі:</b> Ылғал құмды алақанға алып, оны себу, бірақ ол алақаннан бөліктеп түседі. Құмға арналған қалыптарды дымқыл құммен толтырып, оны төңкеру. Құм қалыптың пішінін сақтайды.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Ылғалды құмды алақаннан себу мүмкін емес, ол құрғағанға дейін кез келген пішінді сақтай алады. Құм суланған кезде құм түйіршіктерінің арасындағы ауалар жоғалады, дымқыл жиектері бір-біріне жабысады.</p> <p><b>Қортынды</b> <b>Балаларды мадақтау.</b></p>
--	---	--	--	--

<p><b>Қуыршақтармен бірге жалпы дамыту жаттығулары.</b>  <b>«Қуыршақтарды алып, шеңбер бойына тұрыңдар».</b>  1.Қуыршақты жоғары көтереміз, сосын төментүсіреміз.  Орындауы: ойыншықты оған қарап тұрып жоғары көтеру. (3-4 рет қайталау)  2.Қуыршақты еденге отырғызып, оның көзіне қараймыз.  Орындауы: иілу және отыру – әрқайсысы әртүрлі орындауы мүмкін. (3-4 рет қайталау)  3.Қуыршақпен жасырынбақ ойнайық.  Етпетінен жатып қуыршаққа қарау, бетін алақанымен жасыру «ішпен жатып, ықпен тіреп басын сәл көтеру, иіліп «жасырыну». (3- 4 рет қайталау).  4.Қуыршақпен билейік.  Қуыршақты қолға алып, әркім өз әлініше бір орында би қимылдарын жасау. (15–20 секқайталау)  <b>Қимылдың негізгі түрлері:</b>  Қолға қуыршақты ұстап, екі жіп арасымен түзу жүру.  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күлше нан»</b>  Қуыршақтарды үлкен шеңбер бойымен отырғызуды ұсынады (үлкен шеңбер залдың ортасында).  Қуыршақтардың туған күнін атап өту үшін «Күлше нан» ойынын ойнаймыз.</p>	<p><b>Шығармашылық бұрыш</b>  Құмға әр түрлі пішінмен сурет салу, мүсін жасау.  <b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы: Әй-әй ата</b>  Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді көрсетіп, өз отбасы мүшелері туралы қысқаша әңгімелеуді ұсынады.</p> <p><b>Музыкатың дауы:</b> «Хайләйлім» (өңдеген Б.Дәлденбай)  Халық әуенін тыңдап, шығарманың көңіл күйін эмоциямен қабылдайды.  Әуеннің сипатын түсініп, көңілді, қуанышты сезімде болады  Атамның аманда «Мейірімді бол» дейді. Ақылсөз санамда,  Жасыұлкенге жол берем!</p> <p><b>Әнайту:</b> «Әй-әй ата» (Ө.Байділдаев, Ж.Смақов)  Педагог әнді орындайды. Мәтінін қайталатып, сөздерді анық айтуға үйрету.  Үлкендермен қосыла әннің әуенін бірге орындау.  Атаның отбасындағы ең үлкен, қадірлі адам екенін түсіндіру. Балаларға таныс «Ақ әжем» (К.Қуатбаев, О.Әубәкіров) әнін қайталау, ескетісіру.</p>	<p>кейін түтіктің ұштары сыртқа шығып тұратындай етіп түтікшені құммен толтыру. Қарындашты алып, түтіктің мыжылып қалмағанын көру.  <b>Қорытынды:</b> Құм түйірлері қорғаныш қоймаларын құрайды, сондықтан құмға түскен жәндіктер аман-есен жүріп, шыға алады.  <b>Қортынды.</b>  -Жарайсыңдар балалар. олай болса, ұйғарытындылай келе, бүгін не туралы айтқанымызды тағы бір рет еске түсірейік. (балалардың жауаптары)</p> <p><b>Денешынықтыру</b>  <b>Негізгі бөлім</b>  <b>Жалпы даму жаттығулары: Сылдырмақ пен</b>  1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде.  Сылдармақты алға созу.  Жоғары көтеру. Алға созу.  Б. қ. Келу  2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:  Сылдырмақты алға созу..  Отыру, тұру. Б. қ. Келу  3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:  Аяқ арасы ық көлемінде аяқ арасы ық сылдырмақ кеуде тұсында.  Сылдырмақты алға созу.  Еңкею, сылдырмақты тізеге</p>	<p><b>материалдар:</b>  Әртүрлі пішіндегі бірнеше ыдыстар, су.  <b>Процесі:</b> Әртүрлі пішіндегі мөлдір ыдыстарға су құйып, балаларға су ыдыстың пішінін қабылдай алатынын көрсету.  <b>Қорытынды:</b> Судың пішіні жоқ және ол құйылып тұрған ыдыстың пішінін қабылдай алады.</p> <p><b>Қортынды</b>  <b>Балаларды мадақтау.</b>  <b>Тәжірибе №2</b>  <b>Судың дәмі.</b>  <b>Мақсаты:</b> Судың дәмі бар-жоғын білу.  <b>Қолданылатын материалдар:</b> Су, үш стақан, тұз, қант, қасық.  <b>Процесі:</b> Тәжірибе жасамас бұрын судың дәмі қандай екенін сұрау.  Осыдан кейін балаларға қарапайым қайнаған суды ішуге беру. Содан кейін бір стақанға тұз, ал келесісіне қантты араластырып, балаларға дәмін көруге беру.  Енді судың дәмі қалай өзгергенін айту.  <b>Қорытынды:</b> Судың дәмі жоқ, бірақ оған қосылған заттың дәмін қабылдайды.</p>	
--	---	--	--	--

	<p>Бәріміз бір- біріміздің қолымыздан ұстаймыз.  <b>Туған күнді тойлауға Пісірдік біз күлше нан.</b>  <b>Иісі қандай дәмді, Өзі қандай сәнді.</b>  <b>Қызарып піскен күлше нан, Қазаннан түскен күлше нан.</b>  <b>Күлше нан, бұрыл солға, Күлше нан, бұрыл оңға,</b>  <b>Жан-жағыңа қара да, Қуыршақты таңда.</b>  (Өз қуыршақтарын алып, әркім өз әлінше би қимылдарын жасайды. 2 рет қайталайды). Қуыршақтар шаршады, енді оларды мәшинемен үйлеріне апарып салайық.  «Мәшине» әнінің ырғағымен бәріміз үйге қайтайық.  Мәшине, мәшине келе жатыр, Ішінде, ішінде шопыр отыр.  Би-би-би! Би-би-би!</p>	<p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Би-ге шақыру» (А. Тоқсанбаев)  Таныс би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Жұптасып билеп, би ырғағына сай қозғалуға үйрету.  «Кім шапшаң?» ойыны («Балалар биі» А. Майкапар)  Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге үйрету.  Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.</p>	<p>тигізу. Б. қ. келу.  Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау.  1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу.  <b>Тыныс алу:</b>  «Сылдырмақты үрлеу».  <b>3. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:</b>  Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.  <b>Қимылды ойын: №13.</b>  <b>«Қоңырау қайдан естіледі?»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.</p>		
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p><b>Картотека № 6</b>  Айналадағы адамның қысқы еңбегі.</p>	<p><b>Картотека № 7</b>  Аязды күнді бақылау.</p>	<p><b>Картотека № 9</b>  Қырауды бақылау.</p>	<p><b>Картотека № 8</b>  Мұзды бақылау.</p>	<p><b>Картотека № 11</b>  Күнді бақылау.</p>
Серуеннен оралу	<p><b>Серуен картотекасынан</b>  Тазалық процедурасы.  Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу  Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.  Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p>				
Түскі ас	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</p>				
Күндізгі ұйқы	<p><b>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.</b></p>				

<p>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</p>	<p><b>№3 «Саусақтар амандасады.»</b>  <i>массаж жасаймыз – «қолды жуамыз».</i>  <i>- «Қайырлы күн, көздерім!»</i>  <i>Қабалқты сипаймыз.</i>  <i>«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,</i>  <i>- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.</i>  <i>- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.</i>  <i>- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.</i>  <i>- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.</i></p>	<p><b>№4. Бір – көтер және қолыңды</b>  <i>Екі – төмен ұста қолыңды</i>  <i>Үш, төрт – жаныңа сөз қолыңды</i>  <i>Бес дегенде секір көрсет бойыңды.</i>  <i>Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.</i></p>	<p><b>№5. "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</b>  <i>2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.</i>  <i>3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау</i></p>	<p><b>№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.</b>  <i>- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.</i>  <i>- арқамен жатып шынтактарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау</i></p>	<p><b>№7. «Күннің оянуы»</b>  <i>- «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгін отыр, қол төменде.</i>  <i>- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.</i>  <i>- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгін отырады.</i>  <i>басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.</i>  <i>«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.</i></p>
--	---	---	--	--	---

**Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан**

<p>Бесінас</p>	<p><i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебин дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i></p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапта оқу және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Дид ойын: «Бұл қашан болады?»</b>  <b>Ойын шарты:</b> Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу.</p>  	<p><b>Суретпен жұмыс.</b>          - Балалардың суреті.          Қане, кім айтады?          Кімнің бойы ұзын екен.</p>  <p>Мынау нелер?          - Жолдар.          Мынау қандай жол?          - Ұзын жол. Ия, ұзын жол.          Ал, мынау жол қандай?          - Қысқа жол.</p> 	<p>- Балалар, суреттен нені көріп тұрсындар?          Балаларға биіктігі әртүрлі ағаштар мен үйлерді көрсетіп, салыстыруды сұрайды.          Қай ағаш биік, ал ағаш аласа? Қайсы үй биік? Ал, қайсы үй аласа?</p> 	<p><b>Тосын сәт.</b>  <b>Дауыс (аудио)</b>  <b>Есік қағылып ит келеді (жұмсақ ойыншы)</b>  <i>ол өзімен бірге әртүрлі түсті текшелер ала келеді және онымен пирамида жасауға көмектесуді ұсынады.</i>  <b>Ой дамыту.</b>  <b>Дид ойын:</b>  <b>«Қандай пішіндер»</b>  <i>-Ит алып келген текшелердің түсін, пішішін сұрау.</i>  <i>Пирамида жасау үшін қай текшеден бастаймыз</i>  <b>Дид ойын: «Пирамида жасаймыз»</b>  <i>Балалардың жұмысы.</i>  <i>Итке пирамиданы сыйлау.</i>  <i>Ит балаларға рақмет айтып қоштасу.</i></p>	<p><b>Мига шабуыл.</b>  <b>Аудио дыбыс.</b>  <i>-Балалар бұл ненің даусы? Иттің Ал ақырын үріп жатқан не? Ия, бұл да-ит, бірақ ол кішкентай күшік .Ит қалай үреді?Қатты. Күшік қалай үреді? Жай.</i>  <b>Ой қозғау.</b>  <i>Кішкентай күшік неге жай үріп жатыр?</i>  <i>-Өйткені күн салқындыды, менің үйшігім жоқ деп ренжіп жатыр екен. Күшікке көмек.</i>  <b>Ой дамыту.</b>  <b>Суретпен жұмыс.</b>  <i>-Суретте үлкен ит қандай түсті.</i></p>





**Шығармашылық бұрыш**  
**Еркін тақырыпта**

**Қортынды**  
Балаларды мадақтау.  
**Шығармашылық бұрыш**  
**Еркін тақырыпта**

-Кішкентай иттің түсі қандай?

**Дид ойын:**  
«Бантиктер тағамыз»  
Шарты: Дидактикалық материалдармен жұмыс. Әр балаға иттің және күшіктің суретін тарату. Түстеріне сәйкес үлкен және кіші бантиктер -Үлкен бантик қай итке, ал кішкентай бантикті қай итке сыйлаймыз?

**Дид ойын: «Иттерді тамақтандыр»**  
Шарты: Үлкен тарелке және кіші тәрелкені итпен күшікке сәйкес қоя білу.

Қортынды  
Сұрақ-жауап  
Балаларды мадақтау.

**Денешынықтыру**  
**Негізгі бөлім**  
**Жалпы даму жаттығулары: Сылдырмақпен**

1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде.  
Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру.  
Алға созу. Б. қ. Келу  
2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:  
Сылдырмақты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. Келу

					<p>3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: Аяқ арасы иық көлеміндегі алашақ, сылдырмақ кеуде тұсында. Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу. Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау. 1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу.</p> <p><b>Тыныс алу:</b> «Сылдырмақты үрлеу».</p> <p><b>3. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:</b> Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру.</p> <p><b>Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.</p>
Балалармен Жеке жұмыс	<p><b>Дид ойын: «Кім тез жинайды»</b> <b>Ойын шарты:</b> Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті</p>	<p><b>Дид ойын: «Пішінді құрастыр»</b> <b>Ойын шарты:</b> Балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген</p>	<p><b>Дид ойын: «Артығын тап»</b> <b>Ойын шарты:</b> Балалардың алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады. Балалар суретті алып ненің артық</p>	<p><b>Дид ойын: «Сыңарын тап»</b> <b>Ойын шарты:</b> Геометриялық пішіндерді алып, қақ орталарынан кесу. Балалар сол геометриялық пішінді</p>	<p><b>«Сиқырлы сандық»</b> <b>Ойын шарты:</b> Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота,</p>

	<i>бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.</i>	<i>заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.</i>	<i>екенін ажыратып табулары керек.</i>	<i>тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс.</i>	<i>құлыншақ, аю, мысық, машина). Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	<b>Картотека № 6</b> <i>Айналадағы адамның қысқы еңбегі.</i>	<b>Картотека № 7</b> <i>Аязды күнді бақылау.</i>	<b>Картотека № 9</b> <i>Қырауды бақылау.</i>	<b>Картотека № 8</b> <i>Мұзды бақылау.</i>	<b>Картотека № 11</b> <i>Күнді бақылау.</i>
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың Үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. <b>Ата-аналарға кеңес:</b> «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</i>	<i><b>Кеңес:</b> мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу</i>	<i><b>Кеңес:</b> «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға) <b>Кеңес:</b> Бала өміріндегі ертегінің маңызы. Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</i>

**Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы**  
**«Айгөлек» шағын орталығы**

Топ: Ерте жас топ

Балалардың жасы: жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 12.02 - 16.02. 2024 оқу жылы.

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i><b>Картотека №13</b> Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балалар әр түрлі мамандық иелерін ажырата біледі.</i>	<i><b>Картотека №16</b> Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.</i>	<i><b>Картотека № 20</b> Дид ойын: «Бұл қандай құс?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді біледі.</i>	<i><b>Картотека № 21</b> Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты: қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажырата алады.</i>	<i><b>Картотека № 22</b> Дид ойын: «Қыстап қалған құстар?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге және оларды ажырата біледі.</i>
	<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</b>				
Таңертенгі жаттығу	<i>Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғыас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Ашық менің жүрегім Блги күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!</i>	<i>Асапан ашық, көгілдір Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр.</i>	<i>Табиғат егіз адаммен Ұқастық табам содан мен Мәңгілік болсын егіздер Жер- ана, көл теңіздер.</i>	<i>Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек Күнге ұқсайды екенбіз.</i>	<i>«Кел, балалар күлейік» Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p><b>Қызығушылықтарын ояту.</b>  <i>Аквариумда жүзіп жүрген нені көріп отырсыңдар?</i>  <i>-Балықтарды.</i>  <i>- Балықтар аш екен, оларға жем салатын уақыт болды.</i>  <b>Дид ойын: «Балықты жемдейміз»</b>  <i>Шарты: Ермексаздан жем жасап, ыдыстарға салу.</i>  <i>Психологиялық сәт.</i>  <i>- Ал енді балалар көзімізді жұмайық. Көз алдымызға елестетейік. Көп балықтар жүзіп келеді. Олар су астындағы шөптер, балдырлар тастардың арасымен жүзіп келеді.</i>  <i>Кенеттен бір акула жақындап қалды. Балықтар тез-тез жүзіп тығылып жатыр. Асхат сенің жайының не істеп жатыр, тығылып қалды ма? Ал Гүлназ сенің балығың не істеді, қашып құтыла алды ма? Айбек ал сенің жайының тез жүзіп үлгерді ме? Акула ұстай алмағасын қалып қойды. Біз жайындарымызды акуладан құтқарып қалдық.</i>  <i>Осы балықтың суретін салайық. Өз еріктеріңізбен балықтың суретін бояп көрейік.</i>  <b>Шығармашылық бұрыш</b>  <i>Балаларды бақылау.</i>  <b>Сергіту жаттығуы</b>  <i>Балық жүзді таза суда. Бір керіліп, бір жиырылуда.</i></p>	<p><b>Ой қозғау.</b>  <i>Аквариумдағы балықтар.. - Балалар, алдымызда не тұр?</i>  <b>Аквариум.</b>  <i>- Аквариум қандай ыдыстан жасалған? - Шыныдан.</i>  <i>- Ішінде нелер бар екен?</i>  <b>- Балықтар, тастар, шөптер.</b>  <i>- Ендеше, балықтар аквариумда да тіршілік етеді екен.</i>  <i>Аквариумдағы балықтарды әдемілікке ұстайды. - Балалар, балықтар адам ағзасына да өте пайдалы екен.</i>  <i>Аквариумдағы балықтарды жеуге болады ма? - Болмайды.</i>  <i>- Қандай балықтарды жеуге болады? - Сазан, шортан және т. б. Бұларды жеуге болады екен.</i>  <i>- Аквариумдағы балықтардың суын жеумасына бір рет ауыстырып тұрамыз.</i>  <i>- Балалар, балықтар сусыз өмір сүре ала ма? - Жоқ.</i>  <b>Шығармашылық бұрыш: «Аквариум балықтары»</b>  <b>Шарты:</b> Балаларды топқа бөлу арқылы аквариум балықтарын суреттеу.  <b>1-топ:</b> Аквариум құрастыру.  <b>2-топ:</b> Аквариумға балықтар жапсыру.  <b>3-топ:</b> Балықтарға жем мүсіндеу.</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b>  <i>(Үстелде пазлдар жатыр)</i>  <i>Балалар бізге біреу тапсырма әкеп тастаған сияқты. Бұл не деп ойлайсыңдар?</i>  <i>(Балалардың жауаптары)</i>  <i>Әрине, бұл жұмбақтар, оларды құрастыру керек.</i>  <b>Дид ойын: «Кім жылдам?»</b>  <b>Шарты:</b> Қиылған суреттерді құрастырып шығару. <i>Иә, дұрыс, бұл балық Демек бүгін біз балық туралы сөйлесетін боламыз.</i>  <b>Ой қозғау.</b>  <b>Менің сүйікті бұрышым</b>  <b>Иллюстрацияларды қарау.</b>  <b>Балықтар туралы түсінік беру.</b>  <i>Балықтар қайда мекендейді? Дұрыс, өзенде, теңізде, көлде, тоғанда, мұхитта. Олар құрлықта өмір сүре ала ма? Жоқ деп ойлайсыз ба? Неліктен балық тек суда өмір сүре алатынын қараймыз.</i>  <b>АҚТ технологиясымен жұмыс.</b>  <i>Аквариумдағы балықтарды бақылау. Қараңдаршы, балалар, біздің балықтар аквариумда қандай тез,тез жүзеді.</i>  <i>Балалар, балыққа қараңдаршы, қандай ерекшелікті байқадыңдар?</i>  <i>Балалар: Ол жүзеді, аузын үнемі ашып-жабады. Бұл</i></p>	<p><b>Таңғажайып сәт.</b>  <i>Педагогтың ұялы телефоны шырылдайды.</i>  <i>Алоо - Сәлеметсіздер ме балалар, мен су патшасымын.</i>  <i>Сендер су астындағы жануарлар, жәндіктер туралы көп біледі екенсіңдер.</i>  <i>- Ендеше, сіздер теңіз әлемі туралы не жасай аласыңдар?</i>  <i>Педагог: я су патшалығы біздің балалар суретті өте керемет салады.</i>  <i>Біз сізге салған суретімізді суретке түсіріп, телефон арқылы жібереміз.</i>  <b>Ой дамыту.</b>  <i>Балықтар қайда тіршілік етеді? (суда, теңізде, көлде, мұхит және де аквариумде)</i>  <i>Балықтардың түрі өте көп</i>  <i>Балықтардың дене бітімі қандай пішінге ұқсас екен?</i>  <i>- Сопақша.</i>  <i>- Балықтардың мынау несі?</i>  <i>- Басы.</i>  <i>- Басында желбезегі болады.</i>  <i>(Көрсету, қайталау)</i>  <i>- Олар осы желбезегі арқылы дем алады. Ал денесінде нелері бар екен?</i>  <i>- Қабыршақтары.</i>  <i>- Дұрыс айтасыңдар. Ал денесіне жалғасқан мынау</i></p>	<p><b>Ой қозғау.</b>  <i>- Балалар, саяхатқа шығып әлемді шарлаған ұнай ма?</i>  <b>Саяхатты хабарлау.</b>  <i>- Олай болса бәріміз кемеге отырып теңізге саяхатқа шығуға дайындалайық.</i>  <i>Ол үшін кеме құрастырып алуымыз керек.</i>  <b>Дид ойын: «Кеме»</b>  <b>Шарты:</b> Геометриялық пішіндерден кеме құрастыру.  <i>Мен кеме капитаны боламын, ал сендер зерттеуші боласыңдар. Қане, өз орындарыңа жайғасыңдар.Ал балалар көңілімізді көтеріп ән салып барайық.</i>  <b>Алыс – алыс елдерге, Орман, тоғай көлдерге Саяхаттап барамыз Теңіз түбін көруге</b>  <i>- Балалар қараңдаршы! Белгісіз аралға келіптіз, жан-жағымызға қарайықшы, аралды толқыған су қоршап жатыр, енді осы аралға түсіп көрейік.</i>  <b>Таңғажайып сәт</b>  <b>Сандықша тауып алу.</b>  <i>- Бұл неғылған сандықша екен , ішінде не бар ,ашып көрейік. Қараңдар, балалар, сандықта кітап бар екен. Кітаптың іші</i></p>
---	---	--	---	---	--

<p>Жүзіп, жүзіп шаршағанда. Тығылады тасты құмда.</p> <p><b>Ой дамыту.</b></p> <p><b>Балықтардың пайдасы:</b> Балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге, балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады. Бұл консервіленген балықтар көп уақыт сақталады. Балықтың денесі үш бөліктен (бас, кеуде, құйрық) тұрады. Бұл су жәндіктері желбезекпен тыныс алады. Балалар, балықтардың дене бітімі қандай пішінге ұқсас екен?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сопақша.</li> <li>- Балықтардың мынау несі?</li> <li>- Басы.</li> <li>- Басында желбезегі болады.</li> <li>- Несі болады екен?</li> <li>- Желбезегі.</li> <li>- Олар осы желбезегі арқылы дем алады. Ал денесінде нелері бар екен?</li> <li>- Қабыршақтары.</li> <li>- Дұрыс айтасыңдар. Ал денесіне жалғасқан мынау не екен?</li> <li>- Құйрығы.</li> <li>- Денесінің арқасындағы, бауырындағы жүзбе қанаттары.</li> <li>- Осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе</li> </ul>	<p><b>4- топ:</b> Аквариумдағы шөп, тастарды бояу.</p> <p><b>Топтық жұмыс:</b></p> <p><b>Дид ойын:</b> «Бөлігін тап»</p> <p><b>Шарты:</b> Балықтардың бөлігін тауып құрастыру. Мына жерде қаншама балықтың суреттері шықты. Балалар, мұнда қандай балықтар бейнеленгенін айтайық.</p> <p><b>Тақпақ</b></p> <p>Су астында балықтар Сазан, шортан, бекіре, Неше түрлі балық бар Шошытасың секірме.</p> <p><b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Анашым Анасыменбаласыбейнеленген көрнекіліксуреттеркөрсету, әңгімелеу</p> <p>Анашым, анам, Тіліңдіалам. Өскенде ертеңҚорғаныңболам!</p> <p><b>Музыкатыңдау:</b> «Ақмамам» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек)</p> <p>Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерітуралы әңгімелеу.</p> <p><b>Әнайту:</b> «Мерекеңмен, анашым» (Б.Қыдырбек, И.Сапарбай)</p> <p>Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуенінеқосылыпайтуғаүйрету. 1-шумақсөздерін үйрету. Әнайтуережелерінес</p>	<p>неліктен болып жатыр деп ойлайсыз? Балалар: Оның қарны ашты ма?</p> <p><b>Дид ойын:</b> «Балықты тамақтандырайық»</p> <p><b>Шарты:</b> Ермексазды пайдаланып, балықтарға жем жасау.</p> <p><b>Ой дамыту.</b></p> <p><b>Балықтарды тағам ретінде пайдалану жолдары:</b> балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге, балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады</p> <p><b>Қортынды</b></p> <p><b>Сендер ата-аналарыңа балық туралы айта алуларың үшін мен сендерге мына бояу парақтарын беремін.</b></p> <p><b>Денешынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығулары</b></p> <p><b>Дене бітімінің арналған жаттығулар</b></p> <p>«Әжеммен бірге кім тұрады?»</p> <p><b>1. Тауықтар қанатын қағады.</b></p> <p>Б.қ.: аяқтар табан өлшеміндей қашықтықта, қолды төмен түсіреді. қолды екі жаққа көтереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5</p>	<p>не екен? - Құйрығы.</p> <p>- Денесінің арқасындағы, бауырындағы жүзбе қанаттары. (Қайталау)</p> <p>Осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады</p> <p><b>Сөздік жұмыс:</b> желбезек, қабыршақ, жүзбе қанат</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p><b>Кәне балалар тұрамыз</b></p> <p><b>Бойымызды жазамыз</b></p> <p><b>Балықтарға ұқсап біз</b></p> <p><b>Жүзіп- жүзіп аламыз.</b></p> <p>Сонымен балық сусыз қалса өліп қалады екен</p> <p><b>Шығармашылық бұрыш.</b></p> <p><b>Дид ойын:</b> «Теңіз әлемі»</p> <p><b>1- топ:</b> Балауыз шамды пайдаланып, әр түрлі бейнені салу, салынған бейненің үстін көк субояқ. гуашпен бояу арқылы теңіз әлемін бейнелеу.</p> <p><b>2-топ:</b> Теңіз әлеміне балықтар жапсыру. Дайын болған суреттерді өзара талдау.</p> <p><b>Дид ойын:</b> «Біздің көрме»</p> <p>Балалардың суретін Телефонға түсіру. Су патшалығына жіберу.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Телефон соғу. Су патшасы біздің балалар өз жұмыстарын сізге сыйға тартып жіберді. Телефон шырылдау.</p> <p><b>Су патшасы:</b> Балалар жарайсыңдар, сендер біздің теңіз жәндіктері туралы</p>	<p>толы жұмбақтар, тапсырмалар жауабын тауып көреміз бе?</p> <p><b>1- тапсырма.</b></p> <p><b>Миға шабуыл</b></p> <p><b>Жұмбақты шешу:</b></p> <p>1. Суда өседі, өнеді, Сыртқа шықса өледі. (балық)</p> <p>2. Адамдардың досы, Сүйкімді де өзі. Балыққа өзі жатпайды, Бірақ сумен ойнайды. (дельфин)</p> <p><b>Ой қозғау</b></p> <p>Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен ететін орны мен тіршілік жағдайларына байланысты алуан түрлі болып келеді.</p> <p><b>- Дельфин туралы не білесіңдер?</b></p> <p>- Дельфин эмоцияға толы көңілді, әзілқеш, топтасып өмір сүретін тіршілік иесі және өте ақылды, адамдардың досы.</p> <p><b>2- тапсырма: Дид ойын: «Не қайда тұрады?»</b></p> <p><b>Шарты:</b> : Балық бейнеленген суреттерге қарап, теңіз, өзен, аквариум, балалар суреттерді дұрыс орналастырып, өз мекеніне жапсыру керек.</p>
--	---	---	---	--

<p>алады.</p> <p><b>Дид ойын: «Балықтарды жинаймыз»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Шашылған балықтарды құрастыру, жапсыру.</p> <p><b>«Балық аулау» ойыны</b></p> <p>Әр балықтың артында сұрақтар жазылған, осы сұрақтарға жауап беру керек.</p> <p><b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Денешынықтыру</b></p> <p><b>Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығулары</b></p> <p><b>Дене бітімінің арналған жаттығулар</b></p> <p><b>«Әжеммен бірге кім тұрады?</b></p> <p><b>1.Тауықтар қанатын қағады.</b></p> <p>Б.қ.: аяқтар табан өлшеміндей қашықтықта, қолды төмен түсіреді. қолды екі жаққа көтереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.</p> <p><b>2.Қаздар қиқулайды:</b> аяқтар ыыққа сәйкес қашықтықта, қолдары белде.</p> <p>1 – алға қарай иіледі, шынтақтарын артқа жібереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5рет.</p> <p><b>3.Марғаулар керіледі.</b></p> <p>Б.қ.: төрттағандап тұрады.</p> <p>1 – жауырынды доғадай иеді, 2 – арқаны иліктіреді. Б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5</p>	<p>кесалу.</p> <p>Танысәндердіескетүсіру.«Ақәжем»(К. Қуатбаев, О.Әубәкіров)(қайталау).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b>«Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская). Гүлдер ұстапшеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейінқарайшегініп,шеңбердіүл кейту.Қарапайымби элементтерін қайталау.</p> <p>«Кімшапшаң?»ойыны («Балаларбиі»)А. Майкапар)</p> <p>Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуынтыңдайбілуге, шапшаңдыққаүйретудіжалғастыру.</p> <p>Анамызғаарнапқандайәнайтамыз?</p> <p>Аналарғақандайсыйлықбереміз?</p> <p>Аналарғаарнап«Анамагүл»атысуреткөрмесінұйымдастырудыұсыну.Бүгінгікүнніңкөңілді болғанынаитып, мадақтап,қоштасады.</p>	<p>рет.</p> <p><b>2.Қаздар қиқулайды:</b> аяқтар ыыққа сәйкес қашықтықта, қолдары белде.</p> <p>1 – алға қарай иіледі, шынтақтарын артқа жібереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5рет.</p> <p><b>3.Марғаулар керіледі.</b></p> <p>Б.қ.: төрттағандап тұрады.</p> <p>1 – жауырынды доғадай иеді, 2 – арқаны иліктіреді. Б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.</p> <p><b>4.Күшіктер ойнайды.</b></p> <p>Б.қ.: шалқасынан жатады.</p> <p>1,2,3,4 – аяғы мен қолдарын шапшаң қозғайды.</p> <p><b>5.Құлыншақтар секіреді.</b></p> <p>Бір орында тұрып секіру</p> <p><b>Тыныс алу жаттығуы</b></p> <p>«Ауызбен және мұрынмен тыныс алудың үйлесімділігі»</p> <p><b>Негізгі қимыл -қозғалыс жаттығуы.</b></p> <p>«Әжемізге бау-бақшада көмектесейік»</p> <p>1.«Бау-бақшамен жүреміз» – ені 20 см, ұзындығы 3 метр имектелген жолмен жүру.</p> <p>2.«Қарбыз жинаймыз» – бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта отырып екі қолымен допты домалату.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b></p> <p><b>«Тауық пен балапандар».</b></p> <p>Алаңның бір жағында үй – қоршалған орын болады, онда тауық пен балапандар бар (еденнен биіктігін 50 см-</p>	<p>білетіндеріңді көрсеттіндер. Маған өте ұнады.</p> <p><b>Су патшасы:</b> Маған өте ұнады.</p> <p><b>Қуырған балық</b></p> <p>Қадыр Мырза Әли</p> <p>Болды біздің жолымыз, Судан шортан суырдық. Содан кейін оны біз Сарымайға қуырдық.</p> <p><b>Қортынды</b></p> <p><b>Балаларды мадақтау.</b></p>	<p><b>АҚТ тех жұмыс.</b></p> <p><b>Сипаттама</b></p> <p>балықтардың қанаттары бар? Қанаттар балықтардың қайық ескектеріндей жүзуіне көмектеседі. Ал құйрық көліктің рульі сияқты бағытты сақтауға көмектеседі.</p> <p>Балықта басқа жануарларда жоқ тағы не бар ?</p> <p>Тәрбиеші. Тіпті балықтың да барлық жануарлардан айырмашылығы бар.</p> <p>Жануарлар жүн бар, құстар да қауырсын бар, балықта қабыршақ бар.</p> <p>Балықтың денесі немен жабылған? Қабыршақпен.</p> <p>Тәрбиеші. Балалар, балықтардың бір-бірінен айырмашылығы неде? (Түсі, пішіні, өлшемі, әдеттері, тамақтануы.)</p> <p>Балықтар неліктен әртүрлі</p> <p>Деп ойлайсыңдар?</p> <p>Тәрбиеші. Дұрыс, бояу балықтарды жьыртқыштардан жасыруға көмектеседі.</p> <p><b>Дид ойын: «Балықты әсемде»</b></p> <p><b>Шарты:</b> Балықтарды әртүрлі түспен бояу.</p> <p>Жарайсыңдар балалар! Енді осы саяхаттан қандай әсер алдыңдар?</p>
---	--	--	---	--

	<p>рет.</p> <p><b>4.Күшіктер ойнайды.</b> Б.қ.: шалқасынан жатады. 1,2,3,4 – аяғы мен қолдарын шапшаң қозғайды.</p> <p><b>5.Құлыншақтар секіреді.</b> Бір орында тұрып секіру <b>Тыныс алу жаттығуы</b> «Ауызбен және мұрынмен тыныс алудың үйлесімділігі» <b>Негізгі қимыл -қозғалыс жаттығуы.</b> «Әжемізге бау-бақшада көмектесейік» 1.«Бау-бақшамен жүреміз» – ені 20 см, ұзындығы 3 метр имектелген жолмен жүру. 2.«Қарбыз жинаймыз» – бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта отырып екі қолымен допты домалату. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> <b>«Тауық пен балапандар».</b> Алаңның бір жағында үй – қоршалған орын болады, онда тауық пен балапандар бар (еденнен биіктігін 50 см-дей етіп бағандар арасына жіп тартылады). Бір жақ шетіне «үлкен құс» орналасады. Тауық жіптің астынан өтіп, қорек іздеуге аттанады. Ол балапандарын «ко-ко-ко» – деп шақырады.</p>		<p>дей етіп бағандар арасына жіп тартылады). Бір жақ шетіне «үлкен құс» орналасады. Тауық жіптің астынан өтіп, қорек іздеуге аттанады. Ол балапандарын «ко-ко-ко» – деп шақырады.</p>		<p>-Тамаша ондай болса, кемеге отырып балалабақшаға қайтайық. <b>Балаларды мадақтау.</b></p>
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<b>Картотека № 11</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека № 9</b> Қырауды бақылау.	<b>Картотека № 12</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау	<b>Картотека № 16</b> Аязды бақылау.	<b>Картотека № 8</b> Мұзды бақылау.



<b>Қысқы серуен картотекасынан</b>					
Серуенненоралу	<i>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жууды, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</i>				
Түскіас	<i>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</i>				
Күндізгі ұйқы	<i>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</i>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	<b>№13. Ояну</b> <i>Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.</i>	<b>№ 12. Ояну</b> <i>Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз</i>	<b>№ 3. Ояну</b> <i>Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.</i>	<b>№5. Ояну</b> <i>Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.</i>	<b>№6. Ояну</b> <i>Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.</i>
	<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>				
Бесінас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Дид ойын: «Сиқырлы қапшық»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды біледі.	<b>Дид ойын: Мынау қай пішін?</b> <b>Мақсаты:</b> Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта біледі.	<b>Дид ойын: «Үлкен-кіші»</b> <b>Мақсаты:</b> заттарды көлеміне қарай айыра біледі.	<b>Дид ойын: «Не жоқ?»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> балалар логикалық ойлау арқылы заттарды сипаттай алады.	<b>Дид ойын: «Қай жануар артық»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар сурет арқылы артық жануарларды ажыратып, сипаттай алады.  <b>Денешынықтыру Негізгі кезең. Жалпы даму жаттығулары. Доппен</b> <b>1. Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.</b> Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. <b>2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</b> Б. қ.: аяқ иық көлеміндегі

					<p>алишак, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу</p> <p><b>3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</b> Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алишак, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу.</p> <p><b>4. Қос аяқпен секіру.</b> <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Алақандағы допты үрлеу».</p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b> <b>Ойын түрінде:</b> <b>1. Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу</b> Тышқандарға өз індерінен шығып, екінші інге шапшаң еңбектеп баруларын ұсынады.</p> <p><b>2. 1,5 метр қашықтықта түрегеп тұрып, бір-біріне допты домалату.</b> Допты екі қолмен бар күшімен итеруге және домалау бағытын сақтауға назар аударады.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> <b>«Мысық пен тышқандар»</b> Пеи үстінде мысық отыр, Екі көзін қысып отыр. Тышқан етін жегісі кеп, Тісі оның қышып отыр.</p>
--	--	--	--	--	---

Балалармен Жеке жұмыс	<b>Дид ойын</b> «Суреттерді құрастыр» <b>Мақсаты:</b> қиылған суреттерді құрастырады.	<b>Дид ойын.</b> «Қуыршақты тамақтандыр» <b>Мақсаты:</b> балаларға өздері қалаған қуыршақпен ойнауға, тамақтауға мүмкіндік беру.	<b>Дид ойын.</b> «Ғажайып қапшық» <b>Мақсаты:</b> Ойыншықтардың атын атауды үйренеді	<b>Дид ойын.</b> «Не артық?» <b>Шарты:</b> Балаларға жемістер және көкөністің суреттері беріледі ішінен жемістер суретін көрсетеді..	<b>Дид ойын.</b> «Кірпі» <b>Мақсаты:</b> қолдың ұсақ моторикасы (фетрден жасалған)
Серуенгедайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	<b>Картотека № 11</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека № 9</b> Қырауды бақылау.	<b>Картотека № 12</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау	<b>Картотека № 16</b> Аязды бақылау.	<b>Картотека № 8</b> Мұзды бақылау.
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>

**Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы  
«Айгөлек» шағын орталығы**

Топ: Ерте жас топ

Балалардың жасы: жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 19.02 - 23.02. 2024 оқу жылы.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<i><b>Картотека №1</b> «Көжекті жасыр» <b>Міндеті:</b> Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдау.</i>	<i><b>Картотека №2</b> «Макарон моншақтар» <b>Міндеті:</b> Балалар макороннан моншақ жасау.</i>	<i><b>Картотека №3</b> «Шыршаны безендір» <b>Міндеті:</b> Заттың түсің ажырату.</i>	<i><b>Картотека №7</b> «Балықты ұста» <b>Міндеті:</b> балалар түсі арқылы балықтарды топтастыру</i>	<i><b>Картотека №14</b> Қонжықтар. <b>Міндеті:</b> Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру.</i>
	<i><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан</b></i>				
Таңертенгі жаттығу	<i>Ақпан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген <b>Мақсаты:</b> Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</i>				
Таңғыас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді.</i>	<i>Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.</i>	<i>Қәне, қәне тұрамыз, Үлкен шеңбер құрамыз. Қоян болып секіріп, Орнымызды табамыз.</i>	<i>Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға.</i>	<i>Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Іліп сәлем береміз Біз бақытты баламыз.</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Балалар біздің топқа қар ұлпалары ұшып келді қараңдаршы. (жіпке байланған қар ұлпалары топқа ұшыру) Олар бізге тапсырмалар әкелген. Қараңдаршы неткен жылтырақ.</p> <p><b>Ой қозғау.</b> <b>1-қар ұлпасын алу</b> <b>1-тапсырма.Қыс мезгілі туралы айт</b> Мнемотехника арқылы қыс туралы әңгіме құрастыру.</p>  <p><b>Балаларды топқа бөлу.</b> Мнемотехника бойынша шығармашылық жұмыс. <b>1-топ:</b> Суреттегі қыс мезілін құрастыру. <b>2-топ:</b> Аққала жапсыру <b>3-топ:</b> Шыршаны трафарет арқылы салу, ойыншықтарын бояу. <b>4- топ:</b> құстарға жем жасау. <b>2- тапсырма: Қыс сөзіне ассоциациялар</b> <b>Дид ойын: «Сөз ойла, тез ойла»</b></p>	<p><b>Музыкалық дыбыстар.</b> Балалар шамалы күндерден соң көктем мезгілі келеді, біз қыс мезгілімен қоштасамыз. Келесі жылы қыс мезгілі келгенше сағынамыз. Сол үшін қысқы орманға саяхаттап қайтамыз ба?</p> <p><b>Тосын сәт</b> Перде ашылып, барлығы дамыту орталығына келеді. Көрініс қысқы орман түрінде рамкаға салынған. - Міне, біз қысқы орманға келдік. Қысқы орманда не көріп тұрсыңдар? <b>Дид ойын: «Қар»</b> <b>Шарты:</b> Қар сөзіне анықтамаларды таңдау. Қарды тексеру (ақ, суық, таза, үлгілдек, жарқыраған, күміс, жабысқақ, ұсақталған, ылғалды).</p> <p><b>Шығармашылық орталық</b> <b>Дид ойын: «Қар үйіндісі»</b> <b>Шарты:</b> Қиылған суреттен құрастырып қар үйіндісін шығару. <b>Дид ойын: «Қар басқан жол»</b> <b>Шарты:</b> Салынған жолға ақ мақтаны жапсыру арқылы қар басқан жол салу. <b>Дид ойын: «Жем іздеген құстар»</b> <b>Шарты:</b> Ермексаздан құстарға жем жасап кету. <b>Ой қозғау.</b> - Иә, балалар, қыс мезгілі</p>	<p><b>Ой қозғау.</b> Балалар терезеге барайық. Қараңдаршы, біз көшеде жылдың қай мезгілін көріп тұрмыз? (қыс) Қандай белгілер арқылы білдік? (Суық, жылы киінген адамдар, қарлы ағаштар, бұлтты аспан, қар жатыр) Қар қандай? (ақ, үлгілдек, жылтырақ) Қар қайда? (Жерде, орындықта, ағаштарда) «Міне, қыс - айнала ақ, қар көп» <b>Ой дамыту.</b> <b>АҚТ технологиясымен жұмыс.</b> Балалар, қыста аспаннан көптеген әдемі, үлгілдек, жарқыраған, нәзік қар түйіршіктері жауады. Айтыңызшы, қыста тағы не ақ болады? (қар, қар үйінділері, шыныдағы өрнектер, қардағы ағаштар, қар бүршіктері) Балалар, мынау біздің үстелде не бар? (Қар). Келіңдер, оны қарайық. Қандай қар? (Аппақ). Жайлап ұстайық (Суық) <b>Дид ойын: «Кішкентай зерттеушілер»</b> <b>Қане қарға зерттеу жүргізейік.</b> <b>№1 тәжірибе.</b> Сендер қолдарыңды ашыңдар, мен сендерге қар</p>	<p><b>Дид ойын: «Қыс белгілерін ата»</b> <b>Шарты:</b> Қыс мезгілінің ерекшелігін айту. Балалар, ал сендер білесіңдер ме, мұз неден пайда болады? <b>Ой дамыту.</b> <b>АҚТ технологиясы.</b> -Мұздың түсі қандай? (Түссіз) -Мұз қай жерлерде кездеседі? (өзедерде, көлдерде) Мұзды жаз мезгілінде қайдан көруге болады? (тоңазытқыштан) <b>Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»</b> <b>Мұзға тәжірибе жасау.</b> <b>1- тәжірибе.</b> Алдымызда тұрған мұзды ұстап көрейік . Мұздың түсі қандай ? Мұзды ұстағанда алақанымызда не пайда болды ? <b>2 – тәжірибе .</b> Алдарындағы суға мұзды салыңдар? Мұз батпай бетінде қалықтап жүзіп жүр. Сондықтан мұз судан жеңіл. <b>Дид ойын: «Суретшілер»</b> <b>Жүргізілу барысы:</b> Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы май шаммен ақ қағазға сызықтар жүргізіп, үстін көк бояумен</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы бізге бір пакет келді. Онда не бар екенін көрейік. <b>Балалар: Сурет!</b> Тәрбиеші: Иә, қандай әдемі! Мұнда не көрсетілген? <b>Балалар: Қыс, ағаштар, қар үйінділері!</b> Тәрбиеші: Алыстан үйлер, ақ дала көрінеді. Суретте тағы нені көріп тұрсыңдар? Балалар: Қоян отыр. Тәрбиеші: Иә, ол түлкінің бір жерде жүгіріп келе жатқанын, ал қоянның қасында бұтақтарда құстар отыр ма екенін білу үшін отырады және мұқият тыңдайды. Тәрбиеші: Сонымен қатар өлең де бар! Ал оны бізге қыстың өзі жіберді. Оны тыңдағыларың келе ме? <b>Өлең «Қыс мезгілі»</b> Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды Мұз болады, қатады Жып жылтыр боп жатады. Өлеңдегі қар бүршіктері қалай аталады? <b>Балалар: Ақ мамықтар!</b> <b>Шығармашылық орталық.</b> Мына ақ мамықтар бөлініп қалыпты, қане оны</p>
---	---	---	--	---	---


<p><b>Шарты:</b> Балалар доппен ойнауға шақырылады, бала сөзді атап - допты басқа қатысушыға лақтырады. Мыс: аяз, қар..... <b>3-тапсырма.</b> <b>Қыс мезгіліндегі құстар туралы айт.</b> <b>Дид ойын: «Құстар бөлігін тап, ата»</b> <b>Шарты:</b> Қиынды суреттерден құстардың бөлігін тауып құрастыру. қарғалар, торғайлар, көгершіндер т.б Құстарға қалай көмектесеміз? Немен тамақтандыруға болады? қоректендіргіштер жасау.</p> <p><b>Сергіту сәті: «Қыс қызығы»</b> <b>4-тапсырма. Дид ойын: «Қысқы киім»</b> Қыста дала суық, сондықтан адамдар жылы киінеді. Ендеше ұл мен қыздың киген киімдерін айт. Сұраққа жауап бер: Ұл мен қыз қайда барады? Бала басына не киіп алған? Ал қыз? Бала қандай куртқа киген? Қыз қандай пальто киген? Қурткада неше қалта бар? Ал қыз? Бала аяғына не киіп алған? Ал қыз? Кімде қолғап бар? Кімде қолғап жоқ? Жарайсыңдар!</p>	<p>жылдың өте әдемі мезгілі. Қыс туралы тақпақтар тыңдау. <b>Уақыт мол бөлеміз, Қыс қызығын көреміз. Сары аязға шыңдалып, Шымыр болар денеміз.</b> Балаларды мадақтау</p> <p><b>Ой дамыту.</b> <b>Ормандағы шыришалар қандай?</b> -Шыршаның түсі қандай? Шыршаның бойлары бірдей ме? <b>( Жасыл. Бойлары аласа-биік)</b> - Орманда тағы нелер бар екен? Қоян шыршаның түбінен секіріп шығады. <b>(ойынышық)</b> <b>Қоян:</b> - Ой, саламатсыздар ма, балалар? Орманда не істеп жүрсіңдер? (Қоянмен амандасады) Саяхатқа келдік! - Балалар, біздер аңдар туралы өлеңдер білеміз бе? Кәне, кім айтады? <b>Тақпақ</b> Қайшы құлақ қоянмен, Ақшыл түске боялдым. <b>Қоян:</b> - Ой, қандай керемет! <b>Қоян:</b> Менімен ойнайсыңдар ма балалар? Ендеше қимылдық ойын ойнайық. Аяз десем- секіреміз, Шуақ десем- тоқтаймыз (2 рет ойналады) <b>Тәрбиеші:</b> - Балалар біздің</p>	<p>жағамын. Педагог әр баланың алақанына аздап қар жағады, барлығы не болып жатқанын бақылайды Қарды қалай сезіндіңдер? <b>(Суық, мұздай) (балалардан жеке сұрау).</b> - Қолымызды жылытайық, үрлейміз, мен сияқты. (педагог алақанға қалай үрлеу керектігін көрсетеді). - Жылу барып жатқанын сезесіңдер ма? Қолдарыңдағы қар қайда кетті? (Ол еріп кетті). Неліктен ол еріп кетті? Себебі үрлегенде жылу барды. -Қолыңды құрғат. (Үстел үстіндегі майлықтар). <b>Қортынды: Жылыда қар еріп, суға айналды.</b> <b>Дид ойын: «Ормандағы қар басқан үй»</b> Ақ қағаздан шырышқатау арқылы үй құрастыру. <b>Тәжірибе №2</b> <b>Қай су лас</b> Ақ, үлпілдек болып жауады, қар лас суға айналады. Неліктен? Жерде шаңдар көп, машина жүреді, түтін болады, адамдар басады, -Суды шелектен, дәке арқылы, кесеге құямыз. Дәкеде кір қалады. <b>Қортынды:</b></p>	<p>бояу.Мұз бейнесін шығару. <b>Сергіту сәті:</b> Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт – сарт – сарт, Шапалақ соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ – топ – топ, Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тоңды киіп аламыз. Зу – зу – зу, Шанаменен зулаймыз. <b>Дид ойын: «Жақсы жаман»</b> (Венн диаграмасы арқылы) Ойын шарты: Мұздың пайдасы мен зиянын айтып суреттерін тақтаға ілу. <b>Мұз айдын.</b> Жылтыр мұздың үстінде Аяқ тайып тұрмайды. Керегі жоқ күштің де, Коньки өзі зырлайды. <b>Ой қозғау.</b> Өлеңде не туралы айтылған? Мұз айдында ойнау үшін нелер қолданамыз? <b>Шығармашылық бұрыш.</b> Балаларды топқа бөлу <b>1-Топ:</b> Мұз айдынын құрастыру. <b>2-Топ:</b> мұз айдында коньки жапсыру <b>3-Топ:</b> Шаңғы мүсіндеу. <b>Қорытынды.</b> Біз бүгін не жайлы айттық?</p>	<p>бірінші құрастырып алайық, сосын бір-біріне жапсырайық. <b>Дид ойын: «Ақ мамық, ақ ұлпалар»</b> <b>Шарты:</b> Қиылып, бөлініп қалған ұлпа қарларды өрнегімен келтіріп құрастыру, бір-біріне жапсыру. Тәрбиеші: Енді сендер балалар емес, қар ұлпалары екендеріңді елестетіңдер. <b>Қим ойын: «Қар ұлпалары ұшады»</b> Ұшайық. Қалай ұшамыз? Балалар: Тыныш, жай, ақырын! <b>Қызығушылықты ояту.</b> Тәрбиеші: Балалар біз ағаштарға қар суретін салсақ, қыс бұдан да қызық бола ма? Бұтақтарға ақ қар салуды білеміз бе? Балалар: жоқ! Қылқаламдар болмаған кезде, саусақтарыңмен қарды салуға болады, енді мен сендерге қалай сурет салатынын көрсетемін: біз саусақты гуашьға батырамыз, бірақ барлығы емес, осылай қар ұлтасын саламыз. Ал қар бүршіктері бұтақ пен жерге түсті. Ал енді үлкен қар үйінділерін салайық. Айтышы, қар</p>
--	---	--	---	---

<p><b>Рефлексия</b> Тәрбиеші. Балалар, сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар.</p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі кезең.</b> <b>Жалпы даму жаттығулары.</b> <b>Доппен</b> <b>1. Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.</b> Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. <b>2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</b> Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алыс, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу <b>3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:</b> Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алыс, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу. <b>4. Қос аяқпен секіру.</b> <b>Тыныс алу жаттығулары:</b> «Алақандағы допты үрлеу». <b>Негізгі қимылдарды орындау:</b> <b>Ойын түрінде:</b> <b>1. Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу</b> Тышқандарға өз індерінен шығып, екінші інге шапшаң еңбектеп баруларын ұсынады.</p>	<p>балабақшаға қайтатын уақытымыз болды. <b>Қоянмен қоштасайық!</b> <b>Тіл ұстарту жаттығуы.</b> <b>ЫС-ЫС-ЫС</b> <b>КЕЛДІ МІНЕ ҚЫС</b> <b>АР-АР –АР</b> <b>ҚАЛЫҢ ЕКЕН ҚАР</b> <b>АН-АН –АН</b> <b>ШАҚЫРАДЫ ОРМАН.</b> <b>Балаларды мадақтау.</b></p> <p><b>Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> Анашым Анасыменбаласыбейнеленген көрнекіліксуреттеркөрсету, әңгімелеу Анашым, анам, Тіліңдіалам. Өскенде ертеңҚорғаныңболам! <b>Музыкатыңдау:</b> «Ақмамам» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатын сезінеді. Анаға деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу. <b>Әнайту:</b> «Мерекеңмен, анашым» (Б.Қыдырбек, И.Сапарбай) Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Екінші рет орындалғанда әннің әуеніне қосылып айтуға үйрету. 1-шумақ сөздерін үйрету. Әнайту ережелерінен кесалу. Таныс әндерді ескетісіру. «Ақ жем» (К. Қуатбаев, О. Әубәкіров) (қайталау). <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Гүлдермен би»</p>	<p>-Қарды жеуге болады деп ойлайсың ба? Неліктен? Бұл лас және суық, сіз ауырып қалуыңыз мүмкін Дұрыс! Ал лас қарда микробтар өте көп. Тамағыңызды және асқазаныңызды зақымдауы мүмкін. Ал бұл суды нелер іше алады? (Құстар, жануарлар). - Тағы нелер? (Ағаштар, гүлдер). <b>Дид ойын: «Қар ұшқындары»</b> - Екі қар ұшқынын аламыз - кішкентай және үлкен. Олардың өлшемдері әртүрлі ме, әлде бірдей ме? Үлкен қар ұшқынын көрсету «Бұл қандай қар ұшқыны? Кіші ме, үлкен бе?» Балалар: үлкен Мынау қандай қар ұшқыны?» кішкентай! <b>Ал енді үлкен бұлтқа үлкен қар түйіршік-терін, кішкентай бұлтқа кішкентай қар түйіршіктерін жапсырайық.</b></p> <p><b>Дид ойын: «Қар қиыршықтары»</b> Дайын қар формасын көк қағазға майшаммен трафарет ішінен бояу. <b>Үстінен ақ бояумен бояу.</b> <b>Қортынды</b> <b>Сұрақ – жауап</b></p>	<p>Мұз қандай? жақсы қатысқан балаларды мадақтау</p>	<p>үйінділерін қайда саламыз? Жерде. Мен қалай сурет салатынымды қараңыз: саусақ жоғары, содан кейін төмен жүгірді, саусақ біркелкі жоғары және төмен сырғиды. Сурет салу кезінде тыныш музыка ойнайды. <b>Рефлексия:</b> Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар, қазір біздің ағаштар қандай күйде? Балалар: олар жылы, ыңғайлы, одан да әдемі болып кетті. Енді біздің бұл ағаштар көктемде басқа түске енеді. Балаларды мадақтау.</p>
--	--	---	--	---

	<p>2.1,5 метр қашықтықта түрегеп тұрып, бір-біріне <b>допты домалату</b>. Допты екі қолмен бар күшімен итеруге және домалау бағытын сақтауға назар аударады.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  <b>«Мысық пен тышқандар»</b>      Пеш үстінде мысық отыр, Екі көзін қысып отыр. Тышқан етін жегісі кеп, Тісі оның қышып отыр.</p>	<p>(Т. Вилькорейская). Гүлдер ұстапшеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейінқарайшегініп, шеңбердіұл кейту.Қарапайымби элементтерін қайталау.</p> <p>«Кімшапшаң?» ойыны («Балаларбиі»)А. Майкапар Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуынтыңдайбілуге, шапшаңдыққаүйретудіжалғастыру.</p> <p>Анамызғаарнапқандайәнайтамыз?      Аналарғақандайсыйлықбереміз?      Аналарғаарнап«Анамагүл»аттысуреткөрмесінұйымдастырудыұсыну.Бүгінгікүнніңкөңілі болғанынайтып, мадақтап,қоштасады.</p>	<p>Өзгелерге жақсы көңіл-күй сыйлайық. (Балалар алақандарынан көңіл-күйді үрлейді).</p> <p><b>Денешынықтыру</b>  <b>Негізгі бөлім.</b>  <b>Тыныс алу жолдарына арналған жаттығулар кешені.</b></p> <p><b>«Орманға келдік пойызбен»</b>      Орманға келдік пойызбен:      Чух-чух-чух, Чух-чух-чух,      Қандай гажап алаңқай,      Қандай әсем, алақай!      Кірпі келеді домалап:      П-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф,п-ф-ф-ф!      Алмаларды арқалап:      Фэф-р, Фэф-р, Фэф-р!      Міне, ұшып ара келді,      Балаларға бал әкелді:      З-з-з! З-з-з!      Шынтаққа келіп қонды:      З-з-з!З-з-з!      Мұрынға қарай ұшты ол:      З-з-з!З-з-з!      Есек сонаны қорқытты:      Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!      Бар орманды шулатты:      Й-а-а! Й-а-а!Й-а-а!      Аспанда қаздар ұшып барады,      Есекті көріп қаздар қиқулады:      Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!      Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!Г-у-у!</p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b>  <b>Тіке бағытта төрттағандап еңбектеу.</b></p>		
--	---	--	---	--	--



			<p><b>Ойын жаттыгуы:</b> «Маған қарай еңбекте!» – бір-біріне кедергі жасамау, бір-бірімен соқтығыспау.</p> <p><b>Екі аяқпен секіру</b> (аяқты бірге қосып – аяқты алысқа қойып). Қуыршаққа балалардың қалай секіретінін көрсетуді ұсынады. Екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілуіне назар аударды.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Кетті, кетті орамал».</p> <p>Шеңбер бойымен шапшаң қозғалатын ойын бастаушы болып, балалардан орамалды алып қоюға тырысады</p>		
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<b>Картотека № 11</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека № 12</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау	<b>Картотека № 16</b> Аязды бақылау.	<b>Картотека № 18</b> Аяздың терезеге салған суретін бақылау.	<b>Картотека № 20</b> Қарды бақылау
<b>Қысқы серуен картотекасынан</b>					
Серуенненоралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жезді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	<b>№2</b> - Керуетте жатып, аяқ – қолдарын жоғары көтеру кезекпен. - Керуетте жатып велосипед тебу.	<b>№4</b> - Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды	<b>№5</b> "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын	<b>№7</b> «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке -	<b>№10</b> Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым!

	- Қолды алға созып, қайшылап қозғалту.	Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.	(құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)
<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>					
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Суретпен жұмыс.</b> «Отбасы.»</p>  <p><b>Қубизм әдісі.</b> Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді. <b>Дид ойын: «Кім екенін тап?»</b> <b>Шарты:</b> Педагог шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Балалар шешуін табады. <b>Мысалы:</b> Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр. <b>Дид ойын:</b> <b>«Отбасыңды неге теңейсің?»</b> <b>Ойынның шарты:</b> Біздерге бірнеше суреттер берілген,</p>	<p><b>Дид ойын: Әдемі шарлар</b> Бастыру әдісі арқылы төрт түсті шарды бір параққа түсіруді біледі. Монотопия Губка қолдану</p> <p><b>Санамақ</b> Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз</p>	<p><b>Дид ойын: Ақ қоян</b> Бейнелеудегі жаңа тәсіл – поролонды губка және трафарет көмегімен салуды біледі. Трафарет, паролон</p> <p><b>Мен де балғын гүлмін</b> <b>Автор. М. Байсариева</b> Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!</p>	<p><b>«Балапан»</b> Белгілі аймақтарға желім жапсыру, сол жерге көптеп күріш салу, күрішті абайлап бояу және мақта таяқшаларымен бейнені түрлендіру. Күрішпен немесе мақта таяқшалармен сурет салу.</p> <p>Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге Тұрғанымды қалайды. Қайырлы күн достарым! <b>Табиғат туралы тиым сөздер.</b> -Көк шөпті жұлма. -Құстың ұясын бұзба -Тал, шыбықпен ойнама. -Суды ластама -Құстарға тас лақтырма</p>	<p><b>«Адамға қолиатыр не үшін керек»</b> Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту, визуалды-моторлы үйлестіру. Қолиатырды безендіру <b>Палитра әдісі-саусақпен</b></p> <p><b>Саусақ жаттығулары:</b> <b>«Қонаққа барамыз»</b> Басбармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар, Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың, Барлық саусақ – тату дос, Бір – біріңе көмектес.</p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім.</b> <b>Тыныс алу жолдарына арналған жаттығулар</b> кешені. <b>«Орманға келдік пойызбен»</b> Орманға келдік пойызбен:</p>

Отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе, сол суретті көтеріп көрсетеміз.



Чух-чух-чух, Чух-чух-чух,  
Қандай гажсап алаңқай,  
Қандай әсем, алақай!  
Кірпі келеді домалап:  
П-ф-ф-ф, п-ф-ф-ф, п-ф-ф-ф!  
Алмаларды арқалап:  
Фэф-р, Фэф-р, Фэф-р!  
Міне, ұшып ара келді,  
Балаларға бал әкелді:  
З-з-з! З-з-з!  
Шынтаққа келіп қонды:  
З-з-з! З-з-з!  
Мұрынға қарай ұшты ол:  
З-з-з! З-з-з!  
Есек сонаны қорқытты:  
Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!  
Бар орманды шулатты:  
Й-а-а! Й-а-а! Й-а-а!  
Аспанда қаздар ұшып  
барады,  
Есекті көріп қаздар  
қиқулады:  
Г-у-у! Г-у-у! Г-у-у! Г-у-у!  
Г-у-у! Г-у-у! Г-у-у! Г-у-у!  
**Негізгі қимылдарды  
орындау:**  
**Тіке бағытта  
төрттағандап еңбектеу.**  
**Ойын жаттығуы:**  
«Маған қарай еңбекте!» –  
бір-біріне кедергі  
жасамау, бір-бірімен  
соқтығыспау.  
**Екі аяқпен секіру** (аяқты  
бірге қосып – аяқты  
алшақ қойып). Қуыршаққа  
балалардың қалай  
секіретінін көрсетуді  
ұсынады. Екі аяқпен бір

					мезетте жігерлене итерілуіне назар аударды. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кетті, кетті орамал».</b> Шеңбер бойымен шапшаң қозғалатын ойын бастаушы болып, балалардан орамалды алып қоюға тырысады
Балалармен Жеке жұмыс	<b>Картотека №11</b> <b>Дид ойын: «Затты сипаттау»</b> <b>Мақсаты:</b> Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы өз ойын айта алады.	<b>Картотека № 12</b> <b>Дид ойын: «Затты сипаттау»</b> <b>Мақсаты:</b> түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруді біледі.	<b>Картотека № 16</b> <b>Дид ойын: «Затты сипаттау»</b> <b>«Үй жануарлары»</b> <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларын атай алады, олардың төлдерін сурет арқылы топтастыруды біледі.	<b>Картотека №15</b> <b>Дид ойын: «Затты сипаттау»</b> <b>Танып ал да, атын ата</b> <b>Мақсаты:</b> заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады.	<b>Картотека № 18</b> <b>Дид ойын: «Затты сипаттау»</b> <b>«Құстар біздің досымыз»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалар суреттер арқылы құстар туралы, құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді.
<b>коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан</b>					
Серуенгедайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	<b>Картотека № 11</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека № 12</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау	<b>Картотека № 16</b> Аязды бақылау.	<b>Картотека № 18</b> Аяздың терезеге салған суретін бақылау.	<b>Картотека № 20</b> Қарды бақылау
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.